ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ
МИНИСТЕРСТВА ИНДУСТРИИ
И ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2019 ж. 28.06

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 268-ОД

город Нур-Султан

Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Инветсициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу» қағидасының 25, 26, 40, 41 - тармақтарына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының «Құқықтық актілерді бекітудің кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 28 шілдедегі № 818 бұйрығының 1-тармағы 5), 7) тармақтарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2019 жылғы 11 сәуіріндегі №2 хаттамасы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына өзгерістер бекітіліп, 2019 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілсін:

1. ҚР СТ 2743-2015«Ұшқыш әскери қызметшілерге арналған жазғы костюм. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

2. ҚР СТ 2744-2015 «Ұшқыш әскери қызметшілерге арналған тері жағалы жылы күртеше және жартылай комбинезон. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

3. ҚР СТ 2745-2015 «Әскери-әуе күштерінің инженерлік-техникалық құрамының әскери қызметшілеріне арналған жазғы костюм. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

4. ҚР СТ 2746-2015 «Әскери-әуе күштерінің инженерлік-техникалық құрамының әскери қызметшілеріне арналған ілгекті үлбір жағалы құрамдастырылған күртеше және жылытқышы бар жартылай комбинезон. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

5. ҚР СТ 2747-2015 «Әскери-әуе күштерінің инженерлік-техникалық құрамының әскери қызметшілеріне арналған комбинезон. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

000211

6. ҚР СТ 2748-2015«Әскери қызметші ұшқыштарға арналған былғары күрте. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

7. ҚР СТ 2749-2015 «Ұшқыш әскери қызметшілерге арналған күртеше және жартылай комбинезон. Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс;

8. ҚР СТ 2764-2015 «Әскери қызметшілерге арналған свитер.Техникалық шарттар» № 1 өзгеріс.

2.Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты ҚР СТ 2503-2014 «Фторлы сутек қышқылы (балқытқыш).Техникалық шарттар» № 1 өзгерісі бекітіліп, 2019 жылдың 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының қадағалаушы орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасының міндетін атқарушы **С. Құсайынов**